

TURKISTAN

**Әйел даналығына қойылған ескерткіш
Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына
ұсынылып отырған белгілі жазушы Мәди Айымбетовтің «Бопай ханым»
атты тарихи романы өз атына сай дүние дер едік.**



Қазақ әдебиетінде тарихи тұлғаларға арналған романдар баршылық. Олардың стильдік жағынан бір-біріне ұқсастығы да, айырмашылығы да көрініп тұрады. Бәріне ортақ не бар десек, ол – ұлтымыз тарихында орны бар адамдардың адами қасиеттерін дәріптеп, аласапыран кезеңдердегі рухы биік тұлғалардың ел мен жер, ұлт пен мемлекет алдындағы жауапкершілікті сезінуін, халқына еткен еңбегінің маңыздылығын дәріптеу.

Әрине, шығарма тарихта белгілі адамның кешкен тағдырын: қуанышы мен күйінішін, жеңісі мен жеңілісін суреттеуге тәуекел ету де оңай шаруа емес. Өйткені белгілі бір кезеңде өмір сүрген адамның ортасын зерттеу, оған қатысы бар жандар туралы мол мәліметке ие болу, өзің жазып отырған кезең жайлы терең білу, сол кездегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі жайында ойға түйгеніңнің көп болуы материалды игеруге мүмкіндік бергенімен, солардың бәрін көркемдік кестесіне түсіріп, бас-аяғы жұп-жұмыр туынды жасау – екінші мәселе. Қаламгердің қарымы да, шығармасының талапқа сай келуі де біз айтып отырған екінші мәселенің нысанасы.

Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып отырған белгілі жазушы Мәди Айым-

бетовтің «Бопай ханым» атты тарихи романы өз атына сай дүние дер едік. Роман – қазақ мемлекеттігінің тарихында үлкен орны бар Әбілқайыр-Мұхаммед Баһадүр Қазы хан – яғни, бәрімізге Әбілқайыр атымен белгілі кіші жүздің ханының сүйікті жұбайы – Бопай Сүйіндікқызының хан өміріндегі орны туралы шығарма.

Әбілқайыр (1680-1748) жай хандық құрған адам емес, орысқа арқа сүйеген жоңғарларға қарсы күресте ақылдылығымен, батырлығымен аты шыққан тұлға. Сондай-ақ сол тұстағы қазақ-орыс қатынастарында үлкен орны бар билеуші. Ол қазақ тарихында белгілі жай. Ал сондай адамға жар болу, жар болғанда да қиын шақта серігіне ақылшы болу кез келген әйел затына бұйыра бермеген нәрсе. Міне, романдағы Бопай бейнесі соны ұқтырады.

Роман Бопай Сүйіндікқызының өмірге келуінен басталады. Ол туғанда әкесі Сүйіндік «Мұхамбет Пайғамбардың сүйікті қызы Бибібәтимадай әулетінің сақтаушысы, тілекші-қорғанышы болсын» деген ниетпен перзентінің атын Бәтима деп қояды.

Бәтима жаугершілік заманда дүние есігін ашқандықтан жастайынан елге жау шабудың қасіретін, елге қорған болудың маңызын түсініп өседі. Сүйіндік ауылы атақонысы Мұналжар маңында отырғанда ауылға жау шауып, сол қақтығысқа Бәтима-Бопай да қатысады. Аттарын жаратып, бес қаруын асынып, жорыққа дайындалып жүрген жігіттердің қосына ағасына ерін барып жүрген Бәтима да жау келгенде қарап қала алмайды. Бұл жайт романда былай баяндалады:

«Жасөспірім ер балаша ықшам киініп, иығына садағын іліп, оң тақымдығына шашақты шағын, төрт қырланып үшкірленген найзасын қыстырған Бопай күрең қасқасымен орағыта ойқастай келіп дәл әкесінің маңдай алдынан тізгін тартты.

– Көке-е!.. Ұрыспаңыз маған! – деді жұп-жұқа ақторғын бетінің ұшына қан ойнап шыға келген Бопай. – Бір ашуыңызды қиыңыз маған! Ризашылығыңызды алмасам да, ел шетіне жаумен айқасуға мен де келдім, мінеки. Бәрібір енді кері қайтпаймын!».

Осынау шағын үзінді Бопайдың жаужүрек елдің ұрпағы екенін, жолым жіңішке қыз баламын демей, намысты ту еткен албырт жас екенін танытып тұр. Бұл – төтен кесапаттан аман болса, оның ары қарай мықты азамат болатынына деген ишарат. Сөйтін, ол алғашқы қақтығыста дұшпанын садақ оғымен жайратады. Бірақ қанша қаталдық қажет заманда өмір сүргенімен заты әйел баласы емес пе, Бопай өзі ажалына себеп болған жауының жайрап жатқанын көргенде қобалжиды. Тіпті, бойында аяныш сезімі оянады. Сөйтіп, жараланып қолға түскен жау адамдарының жарасын таңып, көмек көрсеткен соң әлгі ішкі арпалыстан айығып, сергігендей болады. Шығармадағы бұл деталь Бопайдың ер мінезділігімен қоса, адамгершілік қасиетінен дерек беріп тұрғандай. Батырлығымен қоса ақылдылығын да байқатады.

Бопайдың бойындағы осы қасиет ол өмір сүріп жатқан мекенде аң аулап жүріп аттан құлап, мертігін қалған Әбілқайыр сұлтанға жасаған қамқорлығынан да көрінеді. Ақылына көркі сай әрі өзінің сауығып кетуіне себепші болған Бопайға жас сұлтанның жүрегінде сезім пайда болып,

ауылына аттанар сәтінде оған көңілін білдіреді. Алайда Әбілқайыр сол кеткеннен мол кетін, біраз уақыт Бопайға жолыға алмайды. Романда оның себептері нанымды баяндалады. Көп ұзамай хан атанған Әбілқайыр сәтті бір күнде арнайы құда түсіп барып, Бопаймен бас қосады. Солайша Бопайдың Әбілқайырмен жұбайлық өмірі басталады.

Романда басты кейіпкердің бірі – Әбілқайырға мол орын берілген. Дегенмен мұның бәрі тарихи роман ерекшелігіне сай жазылса да, біздің басты нысанамыз – романдағы басты кейіпкер – Бопай образы болғандықтан ол жағына көп тоқталмаймыз.

Бопай – ханның жай ғана жұбайы емес, керек жерінде еріне ақыл қосатын парасатты жан. Сондықтан ол хан ордасына Петербордан арнайы елшілер келіп, орыс патшайымының мөрі басылған грамотаны әкелгенде, оны сан-саққа жүгірткендер наразылық білдіріп, шулап жатқанда халықтың осы әрекеті жайлы айтып, Әбілқайырды сақтандырады. Сонымен бірге Бопай балаларын да әкесіне серік болуға, ел билеген адамның перзенті ретінде әр ісінде абай болуға тәрбиелеген парасатты ана кейпінде көрінеді. Қолға түскен орыс тұтқындарын Орынбор генерал-губернаторына қайтаратын кезде соларды жеткізуге бас болып бара жатқан ұлы Нұралыға былай дейді:

«Балам, әкеңнің ендігі жерде тірегі де, алдымен сенетіні де өзіңсің. Иә, мұны менсіз де өзің жақсы білесің ғой. Әнебір жылдары оң-солдан, теріскей мен шығыстан анталаған елдің ата жауларымен ұстасқан үлкен шайқастарда хан иемізге демеу болған талай батырдың, сарбаздың көзі жоқ бүгінде. Ал өзің де мәлім, Орынбордағы губернатордың, одан арғы Петербордағы орыс патшасының түптің түбіндегі мақсаты – біздің жерімізге қазығын мықтап қағу. Сол үшін өзінің итаршыларын айдап салып, елдің бүтіндігін шетінетіп, ішке кіру...»

Иә, хан иемізге, әкеңе оңай тағдыр бұйырмай тұр. Ту сыртымыздан сан жыл шүйліккен жоңғардың бетін қайыруға бар қайратын салған оның енді елінің теріскей батысын бекемдеудің жолындағы әрекеті де, міне, талай жылдан бері арпалыспен, соғыспен өтіп келеді. Еділ бойы мен Жайықты жайлаған елдің шетіне келген орыс-казағы мен қалмағы, естегі аралас жаулардың неше мәрте шайқаста бетін қайтарды. Әкеңнің «Жайық өзені кеуін қалғанша, тіпті ақырзаман келгенше қазақ халқы бұл жерден айрылмайды» деген жанай-қайының тегіннен-тегін айтылмағанын өзің де сезесің ғой. Патшаның үлкен билігі мұны естіді. Естіген соң, әрине, Әбілқайырдың, әкеңнің еш уақытта бас иемейтінін білді. Сұмдығын ішіне бүккен азуы алты қарыс орыс билігінен ендігі жерде жақсылық күтуге болмайтынын сенің де біліп жүргенің, сақтық жасап жүргенің абзал, Нұралыжан айналайын. Қандай заман туады?! Іргедегі өз ағайының да пиғылы түзу емес тәрізді. Орданың жерді бермеу жолындағы орыспен қайта-қайта ілініскен араздығын пайдаланып, хан билігін өздерінің қолына алуды мансұқтаушылардың тікелей кімдер екенін әкең саған айтты, сол да есінде болсын дәйімде...»

Бопайдың бұл толғанысы оның халқының қамын ойлайтын биік дәрежелі ханша екенін танытып тұр.

Әбілхайыр талай хандардың сүйегі жатқан қасиетті Сарайшыққа зиярат

еткенде, оның түбіне жеткен жаулардың қиянатшылдығы мен қатыгездігіне камыққан жұбайына Бопай ханымның айтқан жұбатуы да жан тебірендіреді: «Кешпейтін біздің ұрпақтың, сіз бен біздің ғана заманымыз дейсің бе, Әбекесі?! – деді Бопай дірілдей шыққан бәсең үнмен. – Иә, өзіңіз айтқандай, екі-үш ғасырдан соңғы бізден кейінгілер де мұндай сұмдықты кешпейтіні шүбәсіз анық! Өзінің жерін жан алысып, жан берісіп дұшпанынан қорғауға, оны бүтіндей сақтап қалуға жанталасқан бүгінгі халықтың жадынан да, елдігімізді біржола табан асты етіп күйретіп алмасак, келешек ұрпақтың да жадынан өшпейтін қатыгездік қой бұл, расында!..

Бопайдың мөлт еткен жанарынан үзіліп түскен қос тамшы абыржулы халден мұң реңі анық білінген нәзіктеу әдеміше бетінің ұшымен баяу сорғалап кетті...»

Мұнда Бопай елінің басынан өткен небір аласапырандардан мол хабары бар, жұртының бүгіні мен болашағына алаңдайтын парасат иесі ретінде көрінген. Тарихи деректерде де Бопай ханымның парасаттылығы, ақылдылығы жөнінде көп жазылған. Сондықтан романдағы мұндай тұстардағы суреттеулердің бәрі Бопайдың болмысын танытып тұрса, оның бәрі ақиқаттан алыс емес деп білеміз. Мадақтаудың, дәріптеудің жарасатын адамы болады, ол ең алдымен тарихи тұлғаларға тиесілі. Бұл ретте Бопай ханымның ел анасы дерлік қасиеті шығармада өте нанымды түрде берілген.

Әр адамның тағдыры әртүрлі десек те, адамның өмірден көрер қызығы мен шегер қасіреті тұлғасына байланысты әртүрлі. Бопай қатардағы көп пенденің бірі емес, ол – ханның жұбайы, сондықтан оған келген қайғының да салмағы ауыр. Ешкім маңдайға жазылғанынан аттап кете алмайды. Сондықтан Бопай өміріндегі ауыр қайғы – Әбілқайырдың өз қазағының қолынан мерт болуы еді. Елі мен жерін қорғау жолында майданда батырларша мерт болудың жөні бөлек, ал біреудің айдап салуымен өз қандасыңның қаруынан ажал құшу – тым ауыр қасірет. Әбілқайыр сондай тағдыр тәлкегіне тап болды. Бұл да Бопайдың жан-жүрегін тілім-тілім еткен ауыр мұң еді.

Ажалды пендеге бір өлім келмей тұрмайды, бірақ соның абыройлысы болса, оның жөні бөлек. Бар өмірін елін қорғауға арнап, алысты көрмейтін көркеуде ағайынның қиянатынан жаман не бар. Бірақ өлер алдында наласын айтып камығып, алайда ел болашағының жарқын боларынан үміт үзбей, ізде қалған ұрпағына бас-көз болуды аманаттап кеткен жарының сөзін түйсігімен терең қабылдаған Бопай боркеміктеніп жасымай, керісінше, қатулана сергіп, бойын жинап, тағдыр салды біз көндік деп, ендігісін ақылмен саралап, шешім қабылдайды.

Хан қапылыста қаза тапқан соң Орынбордағы орыс билігіне хат жолдап, Әбілқайырдың кегін алуға рұқсат сұраған хатына жауап ала алмаған Бопай өзінше бір шешімге келеді. Сөйтіп, төркін жұрты – адайларға жаушы жіберіп, ол жақтан Шотан батыр бастаған Айбас, Қонай, Арғынбайлар келгенде, тастүйін бір шешімге келген Бопай оларға былай деп кесімін айтады: «Қонырат, найманды билеп жүрген сұлтанды Қарнақтағы қамалынан тапсандар, қатын-баласының алдында, ал түзде, елінің ішінен жолықтырсаңдар, халқының алдында табанға салып алдымен басындағы тәжін

алыңыздар, бұл сенің басыңды алғанымыз деген ишара болар! Содан соң белінді сындырғанымыз дегендей, беліндегі кісесін ағытып алыңыздар! Асасы мен бес қаруын сыпырып, саусағындағы мөр-сақинасын алыңыздар, бұл сені төрелік, сұлтандық мәртебеңнен айырды, енді ешкімге керегің жоқ дегенмен бірдей болар, сірә! Осының бәрінен соң қос құлағының азандығын тіліп, «сырғалық» жасайсыздар, бұл жаза бұдан былай сенің қатыннан айырмаң жоқ болады дегенді көзіне шұқып көрсеткенмен бірдей болады! Иегіндегі сакалын күзеп, ұстарамен тақырлап, төбесін қанжардың ұшымен шаңбақтап-шаңбақтап кетіңіздер, бұл ақымақ басыңның енді жұртта қалған жыртық қауғадай да құны жоқ дегендеріңіз болар! Бұл аз болса, қатынының бұрымын кесіп, астындағы атының құйрық-жалын күзеп, тай сияқты шұнтитып тастаңыздар! Әйтпесе, намысы қайрақтай, өр кеудесіндегі жүрегі ешқандай өлімнен қаймықпайтын Барақтай ата жауды қылышпен шауып, найзамен түйреп құрдан-күр өлтіре салу Әбілқайырдай ардақтымыздың кегін алудың жеңіл жолы ғана болатынын ұмытпаңыздар, ардақтыларым! Барақ сұмның шырқыраған шыбын жанын кеудесінде қалдырып, мен айтқандай істеп, намысын біржола жер қылып кетіңіздер!..»

Қазақ басқаны кешірсе де, сатқындықты кешірмейтін халық. Сондықтан Бопайдың бұл кесімінде дала заңын ұстанумен қатар, кінәліні істеген опасыздығы үшін ісіне сай жазалауында еш қапы жоқ әрі бұл тапқырлық пен ханның жұбайына сай шешім еді. Бұл – Бопайдың атын ел есінде қалдырған істің бірі.

Әбілқайыр дүние салған соң орнына оның баласы Нұралының хан болғаны тарихтан белгілі. Оған да әсер еткен Бопайдың беделі болғанын тарих растайды. Сонда бір ханға жар, сүйеніш болған Бопай ханым баласын елі хан көтергенде де оның жөн-жосығын білетін тұлға ретінде көрінеді:

«Әкеңнің хандық мәртебесін мұрагерлік рәсім қабылдаған осы бір сәтінде оның биік мәртебесін қырық жылдай айғақтаған мына қылышының саф күмістен жаралған жүзін тізе бүгіп сүйіп, маңдайына тигіз, шырағым!

Халқының өз жерінде еркін өмір сүруіне ғұмырын сарп еткен ханның аманат-арманын мойныңа алып, өткір қарудың алмастай жүзін қандамай, жүрегіндегі ғаділетпен орындауға серт еткенің болсын!..»

Бопай баласы Нұралы хан болған соң да ұлына ақылын айтып, керек жерінде оны қолдап отырғаны туралы романда жақсы берілген. Бұл – оның өз дәрежесіне қылау түсірмей өткеніне айғақ.

Роман Бопай ханымның дүниеге келуімен басталса, эпилогында («Бопай ханша») ол дүниеден өткен соң Қасым сұлтанның дүниеге келген қызына Бопай деп ат қоюы да шығармаға символикалық мән үстеп тұр. Себебі Бопай атанған ханша да кейін ағаларымен бір сапта жүріп, елі үшін ерлік көрсеткен батыр қыз ретінде тарихта аты қалды. Бұл – жазушының қазақтың бостандық үшін күресі тоқтамағанын ишаралауы еді. Сәтті түйін.

Қазақ тарихындағы аты хандармен бірге аталатын Бопай ханым Сүйіндікқызының тағдырына арналған роман бүгінгі тарихи шығармалардың алдыңғы легінен орын алады. Романдағы Бопай образы атына сай лайықты, көркем сомдалған. Ел билігіне араласқан парасатты қазақ қызына арналған

бұл туындының берері мол. Әдеби көркемдік тұрғыдан қарағанда, шағындау көлемдегі романға автор көп нәрсені сыйғызған. Онда Бопайдың да, Әбілқайырдың да жан дүниесі жақсы ашылған. Романның динамикасы мықты, тілі жеңіл, еркін оқылады. Барлық тұсынан автордың жеке-дара қолтаңбасы айқын көрініп тұр. Роман тарихты және тарихи тұлғаны терең танып-білуге зор пайдасын тигізетін туынды. Көркем сөзбен қазақ әйелінің даналығына қойылған ескерткіш! Сондықтан Мәди Айымбетовтің «Бопай ханым» атты романы Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына әбден лайық деп білеміз.

**Ахмет Өмірзақ,
ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**